

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ


БЕКІТІЛГЕН

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті»

КеАҚ Басқармасының
19 05 2022 жылғы
№ 15 хаттамасымен

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ИС-
КИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ

НҰСҚАУЛЫҚ

Коды	Басылым	Кұрастырған	Келісілді	Қолы	Күні
ЛН БҚМУ 70	Бірінші	Избасаров Н.Ж.	Мендібай С.Ж.		<u>18.05.2022</u>
		 <u>17.05</u> 2022 ж.	Нуранова Д.Д.		<u>18.05.2022</u>

Ақтөбе, 2022 ж.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАК «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАК жұмыскерлеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
		Е БҚМУ 70	10-беттің 2-беті

Мазмұны

1-тарау. Қолданылу саласы.....	3
2-тарау. Арнайы терминдер	3
3-тарау. Жалпы ережелер	4
4-тарау. Сіздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдағандығы әрекеттеріңіз ..6	6
5-тарау. Сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай кезіндегі жұмыскерлердің іс-қимыл алгоритмі 6	6
6-тарау. Бағыныстылардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі	7
7-тарау. Қорытынды ережелер	8
Өзгертулерді тіркеу парагы.....	9
Танысу парагы.....	10

	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 3-беті

1-тарау. Қолданылу саласы

Осы Нұсқаулық сыйбайлас жемқорлық бағытындағы іс-қимылдарға анықтама береді, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай туындаған жағдайда «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі-Қоғам) жұмыскерлерінің іс-қимыл тәртібін белгілейді.

1. Осы күжат Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлерінің және лауазымды тұлғаларының танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады.

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеуші ретінде қарастырылмауы тиіс.

2-тарау. Арнайы терминдер

3. Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

➤ **Сыйбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу.

➤ **Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шеңіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөнінде, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөнінде қызметі.

➤ **Параға коммерциялық сатып алу** – коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындағы тұлғаға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын тұлғаның мұдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

➤ **Лауазымды тұлға** – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындағы адам.

➤ **Мұдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, оларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған тұлғалардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін.

➤ **Пара** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлға немесе оған теңестірілген тұлға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға немесе лауазымды тұлға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды тұлғаның жеке немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайда.

➤ **Параны қорқытып алу** - тұлғаның пары берушінің немесе олардың атынан ол өкілдік етіп отырған тұлғалардың заңды мұдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттерді жасаймын деп қорқытып пары талап етуін немесе құқықпен қоргалатын мұдделер үшін зиянды салдарын

	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАК	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАК жұмысқерлеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 4-беті

болдырмау мақсатында оны пара беруге мәжбүр болатындей жағдайға қасақана қоюды білдіреді.

3-тарау. Жалпы ережелер

4. Қазақстан Республикасында пара алу және беру жөніндегі іс-әрекеттер заңға қайшы және Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің қолданылу аясына жатады.

Егер ақша, өзге мүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды тұлғаның келісімімен оның туыстары мен жақындарына берілсе немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінң пайдасына пайдаланса, лауазымды тұлғаның іс-әрекетін пара алу деп саралау керек.

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамага сәйкес ақшамен, бағалы қағаздармен және өзге де мүлікпен қатар, өтеусіз көрсетілетін, бірақ төлеуге жататын мүліктік сипаттағы пара және коммерциялық паралық алып алу нысанасы болуы мүмкін (туристік жолдамалар беру, пәтердің жөндеу, саяжай құрылышы және т.б.).

Мүліктік сипаттағы пайда деп, атап айтқанда, берілетін мүлік, жекешелендірілетін объектілер құнының төмендеуін, банк несиelerін пайдаланғаны үшін жалдау төлемдерінің, пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуін түсіну қажет.

5. **Пара алу және пара беру**, егер пара туралы айтатын болсақ, бұл бір жақта оны алушы (пара алушы) және оны беруші (пара беруші) бар екенін білдіреді.

6. **Пара алу** – бұл ең қауіпті лауазымды қылмыстардың бірі, әсіресе адамдар тобы алдын ала сөз байласып немесе қорқытып алу жолдарымен жасалса, лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) нәтижесі бойынша артықшылық алуды және пайдасына жасалуы табылады.

7. **Пара беру** – лауазымды адамды қандайда бір артықшылық алуды және пайдасына заңды немесе заңсыз әрекеті (әрекетсіздігі) арқылы, жалпы қамқорлығына немесе қызметіне жол берушілікке бейімдеуге бағытталған қылмыс.

8. Пара нысандары мыналар болуы мүмкін:

- заттар, ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, құнды металлдан және тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, азық-тұліктер, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер телімдері және басқа да жылжымайтын мүліктер;

- пайда: ем қабылдау, жөндеу және құрылыш жұмыстары, шипажай және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа шығындарды төлеу, тегін немесе кемітілген бағамен беру.

- жасырын (бүркемеленген) пара түрі – банктік көмек несиесін қарызға алу немесе жоқ несиені өтеу, тауарларды төлеу, тауарларды төмен бағамен сатып алу, тауарларды ең жоғарғы бағамен сатып алу, жалған еңбек шартын жасап жемқорға, оның туыстарына, достарына еңбек ақы төлеу, жеңіл несие алу, дәріс беру, мақалалар және кітаптар үшін қаламақыны аса көтеру, ойынханадағы «кездейсок» ұтыстар, жалдау ақысын жеңілдету, несие мөлшерінің пайызын көбейту және т.с.с.

9. Мұдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйым салуларды және талаптарды, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатындағы өтініштер туралы жалдаушының (жұмыс берушінің) өкілін хабардар ету міндетін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді сақтау маңызды.

Үйымдардың өкілдерімен және азаматтарымен, әсіресе олардың пайдасына лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты белгілі бір тақырыптарды талқылау пара беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға мысал келтірсек:

- жалақының төмен деңгейі немесе қандай да бір қажеттіліктерді өтеуге ақшалай

	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина инженеритеті» КеАК	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 5-беті

каражатының жетіспеуі;

- қандай да бір мүлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға баруға ниет білдіру;
- лауазымды тұлғалардың туыстарында жұмыстың болмауы;
- лауазымды тұлғалардың балаларының білім беру мекемелеріне түс қажеттілігі және т.б.

Лауазымды адамнан түсетін белгілі бір ұсыныстар, әсіресе егер олар ұйымдардың өкілдеріне және пайдасы олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты азаматтарға бағытталған болса, пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл мұндай ұсыныстар жақсы ниеттен туындаған және шенеуніктің жеке пайдасына қатысы болмаған жағдайда орын алуды ықтимал.

Мұндай ұсыныстарға, мысалы, келесілер жатады:

- лауазымды тұлғага және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;
- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт аясында жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;
- нақты қайырымдылық қорына ақша салу;
- нақты спорт командасына қолдау көрсету және т.б.

10. Сыйайлас жемқорлық және коммерциялық парага сатып алушың ықтимал жағдайлары, сондай-ақ мінез-құлышқа қағидалары бойынша ұсынымдар.

Арандату:

Қызмет алу үшін жүгінген азаматтардың, бөлімше қызметтің тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың тарапынан ықтимал арандатуларды болдырмау үшін:

- келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфель, сөмкे және т. б.) қараусыз қалдырмаңыз;
- келуші кеткеннен кейін жұмыс орнынан немесе жеке заттар ішінен қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетіңізben ешқандай іс-қимыл жасамай, дереу басшылыққа мәлімденіз.

Параны қорқытып алу:

• мейлінше сақ болыңыз, сыпайылық сақтаңыз, ешкімге жағынуға тырыспаңыз, параны және/немесе коммерциялық параны қабылдаудан үзілді-кесілді бас тарту немесе алуға дайын болу ретінде түсіндірілуі мүмкін асығыс мәлімдемелер жасамаңыз;

• сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдал, есте сақтаңыз (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, параны беру мерзімдері мен тәсілдері, коммерциялық парага сатып алу нысаны, мәселелерді шешу дәйектілігі);

• пара және/немесе коммерциялық парага сатып алу нысанасын беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін ауыстыруға тырысып, келесі кездесу үшін Сізге жақсы таныс орынды ұсыныңыз;

• әңгіме барысында бастама көтерменіз, көбірек «қабылдауға тырысыңыз», сұхбаттасуышының «ашылып сөйлеуіне» мүмкіндік беріңіз, одан мүмкіндігінше көп ақпарат алыңыз;

• пара беруге немесе коммерциялық парага сатып алуға келісім берген жағдайда, Сіздің мәселенізді шешудің кепілдіктері туралы сұраныз;

• егер Сізде диктофон болса, пара және/немесе коммерциялық парага сатып алу туралы ұсынысты (жасырын) жазып алуға тырысыңыз;

• осы факт туралы жоғары тұрған басшылыққа қызметтік жазба түрінде баяндаңыз;

• дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша немесе ауызша түрде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органға немесе 1424 тегін нөмірі бойынша Сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бірынғай Call-орталығына жүгініз.

 <p>МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАГЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ Ақтөбе 1957</p>	<p>«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p>Күні: 17.05.2022</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
	<p>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық</p>	<p>Е БҚМУ 70</p>	<p>10-беттің 6-беті</p>

11. Мұдделер қақтығысы

- мұдделер қақтығысының кез-келген мүмкіндігіне мұқият болыңыз;
- мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу шараларын қабылдаңыз;
- туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы Сізге белгілі болған сәтте өзініздің тікелей бастығының жағбаша нысанда хабарлаңыз;
- тікелей басшының келісімі бойынша туындаған мұдделер қақтығысын еңсеру жөнінде шаралар қабылдаңыз;
- мұдделер қақтығысының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын өзгертиңіз, тіпті белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге де болады және (немесе) қызметкер мұдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуы қажет;
- қызметтік тәртіпті сақтау және мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссия құрылуы тиіс.

Әр адам өз шешімін еркін таңдай алады. Бірақ еркін адам болғанымен, ол қылмыстың жазасы барын түсінуі тиіс.

4-тaraу. Сіздің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұру туралы шешім қабылдағандағы әрекеттеріңіз

12. Өз қалауынызben ауызша немесе жағбаша түрде Университеттің гимараттарында орналасқан арнайы сенім жәшігі немесе сенім телефоны арқылы Қофам басшылығына, комплаенс-офицеріне немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталыққа жүргіне аласыз.

13. Сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі жасырын жүргіну болып табылады. Бұл жағдайда өтініш беруші аты-жөнін бүркемелеуге байланысты жауап ала алмайды, ал қылмыс туралы жасырын өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бар жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

14. Параны қорқытып алу жағдайында Сізге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүтінуіңіз және параны немесе коммерциялық параны қорқытып алу фактісі туралы төмендегілерді көрсетіп, өтініш жазуының қажет:

- лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекеменің атауы) Сізден қорқытып пара талап етеді немесе коммерциялық құрылымдар өкілдерінің қайсысы Сізді пара алуға итермелейді;
- қорқытып алынатын параның (параға сатып алу) сомасы мен сипаты қандай;
- нақты қандай әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін Сізден пара талап етіледі немесе коммерциялық параға сатып алу жасалады;
- пара беру қай уақытта, қай жерде және қалай жүзеге асырылатын болады немесе коммерциялық параға сатып алу жүзеге асырылатын болады.

5-тaraу. Сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай кезіндегі жұмыскерлердің іс-қимыл алгоритмі

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар жұмыскерлер осы нұсқаулыққа сәйкес Университет басшылығын және комплаенс-офицерді хабардар ету бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ ұйымдық құрылымына сәйкес сыйбайлас жемқорлық қылмыстар мен сыйбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар анықталған және/немесе кездескен жағдайда барлық жұмыскерлердің іс-қимылдының мынадай алгоритмін әзірледі:

- проректорлар, атқарушы директор және процестерді цифрландыру және

	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 7-беті

автоматтандыру департаментінің, мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі бөлімнің, жүртіштылықпен байланыс жөніндегі қызмет, өнірлердегі филиалдардың, азаматтық қорғаныс бөлімнің жұмыскерлері, ғылыми хатшы Басқарма төрағасы-ректорға және Комплаенс офицеріне хабарлауы тиіс;

- жалпы медицина факультеті деңгелетінде қоғамдық денсаулық сақтау, стоматология, фармация және мейірбике ісі факультеттері деңгелетінде қоғамдық медицина факультетінің, кафедралардың, академиялық жұмыс департаментінің, практикалық дагдылар орталығының, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменттің, мейірбике ісін жетілдіру орталығының жұмыскерлері Оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорға және Комплаенс офицеріне хабарлауы тиіс;
- жоғары оку орнынан кейінгі білім беру деңгелетінде қоғамдық медицина орталығының, отбасылық медицина клиникасының, стоматологиялық клиниканың, ғылыми-медициналық кітапхананың, кәсіби өсу орталығының жұмыскерлері Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректорға және Комплаенс офицеріне хабарлауы тиіс;
- адами ресурстарды басқару департаментінің, пайдалану жұмыстары жөніндегі департаменттің, экономика және жоспарлау департаментінің, бухгалтерияның, заң бөлімнің, құжаттаманы басқару бөлімнің, редакциялық-баспа орталығының жұмыскерлері Атқарушы директорға хабарлауы тиіс.

Бұл ретте, жұмыскерлер мүмкіндігіне қарай өздерінің дәлелдері бойынша (куәлар, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және т.б.) дәлелдемелік базаны ұсынады және оны үәкілдепті орган мен жоғары тұрган басшылыққа береді.

6-тaraу. Бағыныстылардың сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін басшылардың жауапкершілігі

16. Сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық парага сатып алу және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және олардың кінәсі сотта дәлелденген бағыныстылары үшін басшыларға дербес жауапкершілік жүктелетін норма қарастырылған.

17. Қоғам жұмыскері өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері бойынша қылмыстық қудалау шеңберіне тартылған жағдайда, осы жұмыскер ҚР Еңбек кодексіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезеңінде өзінің лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетіледі. Бұл жұмыскердің тікелей басшысы жұмыскерді өз міндеттерін орындаудан шеттету үшін тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

18. Тәртіптік жауаптылыққа тарту түрлері мынадай:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- еңбек шартын Еңбек кодексінде қарастырылған негіздермен Жұмыс берушінің бастамасымен бұзы.

Басшы өзіне тікелей бағынысты жұмыскерге қатысты заңды күшіне енген соттың айыптау үкімі болған кезде немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту туралы шешім қабылданған кезде (рақымшылық жасау, іс жүзінде өкіну, тараптардың татуласуы және т.б.) жұмыстан шығаруға өтініш беруі тиіс.

Жұмыстан шығу туралы өтініш басшы лауазымға тағайындаған жауапты адамға беріледі.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАК	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 8-беті

Жұмыстар шығару және тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау басшыны осылауазымға тағайындаған тұлғаның құзыретінде болып табылады.

Басшының жұмысынан кету үшін берілетін мерзім күнтізбелік 10 күнді құрайды.

19. Тікелей бағынысты жұмыскер сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасаған жағдайда басшы осылауазымға тағайындалған күннен бастап 3 ай өткен соң дербес жауаптылықта болатынын назарға алу қажет.

Бұл ретте жоғарыда көрсетілген жауапкершілік «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес тікелей бағынысты жұмыскер жасаған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы өз бетімен хабарлаған басшылыққа қолданылмайды.

20. Қоғам жұмыскерінің өзлауазымдық міндеттерін орындауды кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындауды кезіндегі сыйбайлас жемқорлық, коммерциялық сатып алу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсеткен жұмыскер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

21. Осы ережелер сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы жалған ақпаратты хабарлаған тұлғаларға қолданылмайды, олар заңға сәйкес жауапты болады.

22. Қоғам жұмыскерлерінің өзлауазымдық міндеттерін орындауды кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық сатып алуға және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарға жәрдем көрсететін жұмыскер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеледі.

7-тaraу. Қорытынды ережелер

23. Нұсқаулық Басқарма төрағасы-ректор бекіткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

24. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/ толықтырулар Басқарма төрағасы-ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.



«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазакстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 9-беті

Қосымша А
Н ПРО БҚМУ 401-03-19

ӨЗГЕРТУЛЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАФЫ

 19.05. МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ АКЕМ <small>• 1991 •</small>	«Марат Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 17.05.2022	Басылым: бірінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ жұмыскерлеріне арналған сыйайлар жемқорлыққа қары іс-қымыл жөніндегі нұсқаулық	Е БҚМУ 70	10-беттің 10-беті

Қосымша Б

(міндетті)

Н ПРО БКМУ 401-04-19

ТАНЫСУ ПАРАГЫ